

## **Бородулиха ауданы Степной ауылдық округінің елді мекендеріндегі көшелердің қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Степной ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бородулиха аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 1 маусымда № 5-8-157 болып тіркелді

## РҚА О-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, 2018 жылғы 2 наурыздағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссияның қорытындысына сәйкес және халықтың пікірін ескере отырып, Степной ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бородулиха ауданы Степной ауылдық округінің елді мекендеріндегі көшелердің атауы:

- 1) Шелехово ауылындағы Советская көшесі "Женіс" көшесі;
  - 2) Орловка ауылындағы Советская көшесі "Республика" көшесі;
  - 3) Вознесеновка ауылындағы Советская көшесі "Кең дала" көшесі;

4) Троицкое қонысындағы Коммунистическая көшесі "Болашак" көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Степной ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының нормативтік - құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Бородулиха ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында реми жариялауға жолданылуын;

4) оның ресми жарияланғанынан кейін осы шешімнің Бородулиха ауданы әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*Ә. Жұнісов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК